Коррекция лечения. Учитывая генетические особенности, было принято решение о смене препарата: морфин заменён на фентанил в форме трансдермального терапевтического пластыря (25 мкг/ч). Через 12 часов после начала терапии отмечено снижение боли до 3 баллов по VAS, улучшение общего состояния, переносимость удовлетворительная. Побочные эффекты (тошнота, запор) уменьшились, сонливость не наблюдалась. Наличие полиморфизма OPRM1 A118G обусловило низкую эффективность морфина и развитие побочных эффектов при повышении дозы. Подбор альтернативного препарата (фентанил) позволил достичь адекватного обезболивания с минимальными осложнениями.

Выводы исследования: Проведённое исследование, включавшее онлайн-анкетирование 600 респондентов, клиническое наблюдение 200 пациентов и фармакогенетический анализ 170 из них, показало, что эффективность и безопасность опиоидных анальгетиков во многом зависят от индивидуальных генетических особенностей. Полученные данные подтвердили, что стандартные дозировки обеспечивают адекватное обезболивание лишь части пациентов, тогда как у значительной доли наблюдается либо недостаточный эффект, либо выраженные побочные реакции. Выявленные ассоциации между полиморфизмами генов опиоидных рецепторов, в частности OPRM1 A118G, и клиническим ответом на терапию указывают на ключевую роль фармакогенетических факторов в индивидуальной чувствительности к опиоидам. Клинические примеры продемонстрировали практическую ценность такого подхода: корректировка лечения с учётом генотипа позволила достичь эффективного контроля боли при снижении риска осложнений. Результаты исследования подтверждают необходимость внедрения фармакогенетического тестирования в клиническую практику. Персонализированный выбор опиоидных анальгетиков на основе генетических данных открывает новые перспективы в повышении эффективности обезболивания, минимизации побочных эффектов и улучшении качества жизни пациентов.

Заключение: Проведённое исследование продемонстрировало, что межиндивидуальные различия в ответе на терапию опиоидными анальгетиками во многом определяются

генетическими полиморфизмами опиоидных рецепторов. Полученные результаты подтвердили ассоциацию вариаций гена OPRM1 и других опиоидных рецепторов с эффективностью обезболивания и риском развития побочных эффектов. Сопоставление данных анкетирования, клинического наблюдения и фармакогенетического анализа позволило доказать практическую значимость генетического тестирования при выборе оптимальной анальгетической терапии.

Таким образом, исследование открыло перспективы внедрения персонализированного подхода в клиническую практику, где назначение опиоидных анальгетиков будет опираться не только на стандартные протоколы, но и на генетический профиль пациента. Это позволит повысить эффективность обезболивания, снизить частоту нежелательных реакций и в конечном итоге улучшить качество жизни пациентов.

Список литературы

1. Волкова А.В., Арутюнов А.В. Фармакогенетика опиоидных анальгетиков: современные подходы и перспективы // Клиническая фармакология и терапия. – 2021. – Т.30, №4. – С.45–52.
2. Грачёв С.В., Петрова Н.А. Фармакология боли: современные возможности и перспективы персонализированной медицины. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2020. – 368 с.
3. Lötsch J., Geisslinger G. Opioid Analgesics and Pharmacogenetics of the μ -Opioid Receptor. Pharmacological Reviews. – 2021. – Vol. 73(3). – P. 1210–1239.
4. Mura E., Govoni S., Racchi M., Carossa V., Ranzani G.N., Allegri M., van Schaik R.H. Consequences of the 118A>G polymorphism in the OPRM1 gene: Translation from bench to bedside? Journal of Pain Research. – 2013. – Vol. 6. – P. 331–353.
5. Smith H.S. Variations in Opioid Responsiveness: Pharmacogenetics and Beyond. Journal of Pain and Symptom Management. – 2020. – Vol. 60(5). – P. 1015–1030.
6. Ким Т.В., Ибраева Ж.К., Тулегенова А.Р. Персонализированная фармакотерапия: значение фармакогенетики в клинической практике // Вестник Карагандинского медицинского университета. – 2022. – №2. – С. 77–84.
7. Dahan A., Aarts L., Smith T.W. Incidence, Reversal, and Prevention of Opioid-induced Respiratory Depression. Anesthesiology. – 2010. – Vol. 112(1). – P. 226–238.
8. Pasternak G.W., Pan Y.X. Mu Opioids and Their Receptors: Evolution of a Concept. Pharmacological Reviews. – 2013. – Vol. 65(4). – P. 1257–1317.

9. Петров В.И., Горбунов А.В. Основы фармакологии: руководство для студентов медицинских вузов. – Санкт-Петербург: СпецЛит, 2019. – 592 с.
10. Relling M.V., Evans W.E. Pharmacogenomics in the clinic. Nature. – 2015. – Vol. 526. – P. 343–350.

ӘОЖ 616.711-007.5-089

Өменов Ә.Ө., Амангелді А.Е., Жанасова М.М, Шакеев Қ.Т

КеАҚ “Қарағанды медицина университеті”, Қарағанды, Қазақстан

ОСТЕОХОНДРОЗ, ПРОТРУЗИЯ ЖӘНЕ ОМЫРТҚААРАЛЫҚ ГРЫЖАМЕН КҮРЕСУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ: БИОМЕХАНИКАЛЫҚ, ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИНИМАЛДЫ ИНВАЗИВТІ ТӘСІЛДЕРДІҢ СИНЕРГИЯСЫ

Аңдатпа

Өзектілігі: Қазақстанда омыртқа аурулары денсаулық сақтау жүйесінің ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сәйкес, жер шарындағы ересек адамдардың шамамен 80%-ы өмірінде кемінде бір рет бел омыртқасының ауырсынуын сезінеді. Қазақстанда жүргізілген эпидемиологиялық зерттеулерге сүйенсек, халықтың шамамен 35-40%-ында остеохондроздың бастапқы белгілері, ал 15-20%-ында омыртқааралық диск протрузиясы немесе грыжа анықталады. Еңбекке қабілетті жастағы адамдар арасында омыртқа аурулары жұмысқа жарамсыздықтың 25%-ына себепкер болса, оның ішінде бел омыртқааралық грыжасы мүгедектікке әкелетін аурулардың алғашқы ондығына кіреді. Бұл өз кезегінде ел экономикасына айтарлықтай шығын келтіреді. Қазіргі таңда Қазақстанда қолданылып жүрген емдеу тәсілдері (дәрі-дәрмекпен терапия, физиотерапия, классикалық хирургия) көп жағдайда уақытша нәтиже береді немесе асқыну қаупін арттырады. Сондықтан остеохондроз, протрузия және грыжамен күресудің жаңа, қауіпсіз әрі тиімді жолдарын зерттеу – ғылыми және клиникалық тұрғыдан аса өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеу мақсаты: Қазақстанда остеохондроз, протрузия және омыртқааралық грыжамен күресудің қазіргі заманғы тиімді әдістерін анықтау, олардың биомеханикалық, фармакологиялық және минималды инвазивті тәсілдерін салыстыра отырып, жаңа кешенді емдеу жолдарын ұсыну.

Түйін сөздер: *Остеохондроз, омыртқааралық диск, протрузия, грыжа, Қазақстан, биомеханикалық әдістер, минималды инвазивті хирургия, регенеративті медицина, кинезитерапия, заманауи емдеу тәсілдері.*

УДК 616.711-007.5-089

Өменов Ә.Ө., Амангелді А.Е., Жанасова М.М., Шакеев Қ.Т

НАО «Карагандинский медицинский университет»

Караганда, Казахстан

**ОСТЕОХОНДРОЗ, ПРОТРУЗИЯ И НОВЫЕ МЕТОДЫ БОРЬБЫ С
МЕЖПОЗВОНОЧНОЙ ГРЫЖЕЙ: СИНЕРГИЯ БИОМЕХАНИЧЕСКИХ,
ФАРМАКОЛОГИЧЕСКИХ И МИНИМАЛЬНО ИНВАЗИВНЫХ ПОДХОДОВ**

Аннотация

Актуальность: В Казахстане заболевания позвоночника являются одной из наиболее актуальных проблем здравоохранения. По данным Всемирной организации здравоохранения, около 80% взрослого населения земного шара хотя бы раз в жизни испытывают боли в пояснице. Согласно эпидемиологическим исследованиям, проведенным в Казахстане, примерно у 35–40% населения выявляются начальные признаки остеохондроза, а у 15–20% диагностируется протрузия или межпозвоночная грыжа. Среди трудоспособного населения заболевания позвоночника составляют около 25% случаев временной нетрудоспособности, при этом поясничная межпозвоночная грыжа входит в первую десятку заболеваний, приводящих к инвалидности. Это наносит значительный ущерб экономике страны. В настоящее время применяемые в Казахстане методы лечения (медикаментозная терапия, физиотерапия, классическая хирургия) во многих случаях дают лишь временный эффект или повышают риск осложнений. Поэтому поиск новых, безопасных и эффективных методов лечения остеохондроза, протрузий и грыж является актуальной научной и клинической задачей.

Цель исследования: Определить наиболее эффективные современные методы борьбы с остеохондрозом, протрузией и межпозвоночной грыжей в Казахстане, сравнить биомеханические, фармакологические и минимально инвазивные подходы и предложить новый комплексный метод лечения.

Ключевые слова: *Остеохондроз, межпозвоночный диск, протрузия, грыжа, Казахстан, биомеханические методы, минимально инвазивная хирургия, регенеративная медицина, кинезитерапия, современные методы лечения.*

Omenov A.O., Amangeldi A.E., Zhanasova M.M., Shakeev K.T.

Non-Profit Joint Stock Company “Karaganda Medical University”

Karaganda, Kazakhstan

**OSTEOCHONDROSIS, PROTRUSION, AND NEW METHODS OF COMBATING
INTERVERTEBRAL HERNIA: SYNERGY OF BIOMECHANICAL,
PHARMACOLOGICAL, AND MINIMALLY INVASIVE APPROACHES**

Abstract

Relevance: In Kazakhstan, spinal diseases are among the most pressing public health problems. According to the World Health Organization, about 80% of the adult population worldwide experience lower back pain at least once in their lifetime. Epidemiological studies in Kazakhstan show that approximately 35–40% of the population have early signs of osteochondrosis, and 15–20% are diagnosed with disc protrusion or intervertebral hernia. Among the working-age population, spinal diseases account for about 25% of temporary disability cases, with lumbar intervertebral hernia ranking among the top ten causes of disability. This leads to significant economic losses for the country. Currently, the methods used in Kazakhstan (drug therapy, physiotherapy, classical surgery) often provide only temporary results or increase the risk of complications. Therefore, the search for new, safe, and effective methods of treating osteochondrosis, protrusion, and hernia is an urgent scientific and clinical task.


Research Objective: To identify the most effective modern methods of combating osteochondrosis, protrusion, and intervertebral hernia in Kazakhstan, to compare biomechanical, pharmacological, and minimally invasive approaches, and to propose a new integrated treatment strategy.

Keywords: *Osteochondrosis, intervertebral disc, protrusion, hernia, Kazakhstan, biomechanical methods, minimally invasive surgery, regenerative medicine, kinesitherapy, modern treatment methods.*

Зерттеу әдісі: Тақырыптың өзектілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу әдісі қолданылды. Зерттеу Google Forms платформасында онлайн сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Сауалнамаға жалпы саны 132 респондент қатысты. Олардың ішінде:

- 76 әйел (57,6%),
- 56 ер адам (42,4%).

Диаг-1: Жас ерекшелігі бойынша



Сауалнама нәтижелері бойынша, респонденттердің 81%-ы омыртқа ауруларын «аса өзекті мәселе» деп таныды, ал 14%-ы «орташа өзекті», 5%-ы «онша өзекті емес» деп бағалады. Бел омыртқасындағы ауырсынуға шағымданғандардың үлесі – 64%, мойын омыртқасына қатысты шағымдар – 28%, кеуде омыртқасына қатысты шағымдар – 8%. Бұл деректер Қазақстанда омыртқа ауруларының кең тарағанын және халық арасында өзектілігінің жоғары екенін көрсетеді.

Клиникалық жағдай

Науқас: 45 жастағы ер адам, Қарағанды қаласынан.

Шағымдары: бел аймағындағы тұрақты ауырсыну, ұзақ отыру мен физикалық жүктемеден кейін күшейеді, оң аяғына иррадиация береді. Ұйқы сапасының төмендеуі, күнделікті қозғалыс шектелуі байқалады.

Анамнез: Ауырсыну белгілері соңғы 2 жыл ішінде үдеп келе жатқан. Бұрын бірнеше рет физиотерапия және медикаментозды ем қабылдаған, бірақ әсері уақытша болған.

Объективті қарау:

- Бел аймағында бұлшықет тонусының жоғарылауы, қозғалыстың шектелуі.
- Неврологиялық тексеруде оң жақ аяқтың сирақ-бөксе аймағына ауырсынудың таралуы анықталды.

Диагностикалық зерттеу:

- МРТ бел омыртқасы: L4–L5 деңгейінде дисктің протрузиясы (4,5 мм), L5–S1 деңгейінде медианалық грыжа (6,8 мм).
- Қанда қабыну белгілері жоқ.

Қорытынды диагноз: Бел остеохондрозы. L5–S1 омыртқааралық дискі грыжасы. Оң жақ радикулопатия.

Емдеу тактикасы: Консервативті кезең:

Қабынуға қарсы дәрілер (NSAID).

Бұлшықет релаксанттары.

Физиотерапия (электрофорез, магнитотерапия).

Кинезитерапия – омыртқаны тұрақтандыруға бағытталған жаттығулар

Хирургиялық ем (асқынған жағдайда): Микродискэктомия (эндоскопиялық әдіспен). Операциядан кейін оңалтудың кешенді бағдарламасы (ЛФК, массаж, физиотерапия). Науқасқа эндоскопиялық дискэктомия жасалды. Операциядан кейінгі 10-күні қозғалысы жақсарды, ауырсыну 70%-ға төмендеді. 3 айдан кейінгі бақылауда толыққанды тұрмыстық белсенділікке оралды.

Зерттеу барысы: Омыртқа жотасы – адам ағзасының негізгі тірегі, ішкі ағзаларды қорғайды және денеге түсетін салмақты тең бөледі. Қазіргі кезде омыртқа жотасының ауруы көбейіп кетті. Аз қозғалыс, артық салмақ және тағыда басқа көптеген мәселелер тірек қимыл жүйесінің ауруларына алып келеді. Омыртқа жотасындағы ауру тек өмір сапасын ғана төмендетіп қоймай, еңбекке қабілеттілігін азайтады. Емдеу жолдары сан алуын, бірақ заман өзгерген сайын емдеу тәсілдері де өзгеруде. Соның ішінде соққы толқынды терапия, жоғары қарқынды магниттік және лазерлік терапия, PRP қан плазмасымен емдеу организмнің өзінің резорбцияға қабілетін арттырады. Бұл тәсілдердің негізгі артықшылығы операциясыз өтеді, организм өзі ауруды жеңеді және емнен кейін қалпына келу уақыты қысқа.

Нәтиже: Зерттеу деректері остеохондроз, протрузия және омыртқааралық грыжа көбіне еңбекке қабілетті жастағы адамдарда кездесетінін көрсетті. Бұл көрсеткіштер олардың кәсіби

және әлеуметтік белсенділігін төмендетіп, экономикалық шығындарға алып келеді. Әйелдер арасында остеохондроздың бастапқы белгілері жиі тіркелсе, ерлерде грыжалық өзгерістерге байланысты асқынулар басым. Жас ұлғайған сайын омыртқааралық дискілердің дегенеративті өзгерістері жиілейтіндігі байқалады. Клиникалық жағдайды талдау барысында дәстүрлі терапия көп жағдайда уақытша әсер беретінін, ал минималды инвазивті эндоскопиялық операциялар асқыну қаупін төмендетіп, оңалтуды жеделдететінін көрсетті.

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері Қазақстан халқы арасында омыртқа ауруларының таралу деңгейі жоғары екенін және олардың әлеуметтік өзектілігін дәлелдеді. Остеохондроз, протрузия және грыжаны емдеуде биомеханикалық, фармакологиялық және минималды инвазивті тәсілдердің синергиясы ең тиімді бағыт болып табылады. Әлеуметтік сауалнама мен клиникалық тәжірибе нәтижелері бұл әдістерді медициналық тәжірибеге кеңінен енгізудің маңыздылығын айқындады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Weiqlang Lan, Hanbing Cui, Di Zhou, Xiao Xiao, Hongbo Xiong. Advances in minimally invasive surgical techniques for lumbar disc herniation: a comprehensive review. *Frontiers in Surgery*. 2025.
2. Xu X, Song J, Zhou G, Li J, Zhang X. Comparison and evaluation of percutaneous transforaminal endoscopic discectomy treatment efficacy in patients with lumbar disc herniation of different age groups. *Frontiers in Surgery*. 2025.
3. Timothy Y. Wang & Michael Y. Wang. Advances and Challenges in Minimally Invasive Spine Surgery. *Journal of Clinical Medicine*. 2024.
4. Ruffilli A., Viroli G., Neri S., Traversari M., Barile F., Manzetti M., Assirelli E., Ialuna M., Vita F., Faldini C. Mechanobiology of the Human Intervertebral Disc: Systematic Review of the Literature and Future Perspectives. *International Journal of Molecular Sciences*. 2023.
5. Chen, X., Li, H., Huang, B. et al. High impact works on stem cell transplantation in intervertebral disc degeneration. *BMC Musculoskeletal Disorders*. 2024.
6. William Taylor & William Mark Erwin. Intervertebral Disc Degeneration and Regeneration: New Molecular Mechanisms and Therapeutics: Obstacles and Potential Breakthrough Technologies. *Cells*. 2024.

7. Liangyu Chen. Main Methods and Development Prospect of Non-Operative Treatment of Lumbar Intervertebral Disc Herniation. Highlights in Science, Engineering and Technology. 2024.
8. Mardanov Jamshid Jahangirovich. Innovative Technologies in the Treatment of Lumbar Hernia: Endoscopic Surgery. Spanish Journal of к and Integrity. 2024.
9. Mardanov Jamshid Jahangirovich. Endoscopy in Neurology: How Minimally Invasive Intervention Helps with Lumbar Disc Herniation. Spanish Journal of Innovation and Integrity. 2024.

ӨОЖ-659.15

Серикова С.А., Серикбаева Э.Т., Сансызбаева Ж.М., Ахмадьяр Н.С.,
“Астана Медицина Университеті” ҚеАҚ Астана қ, Қазақстан

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ДДҰ -НЫҢ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ

Аңдатпа

Дәріханадан халыққа таратылатын жаранамадағы препараттардан, кездейсоқ 40 түрін Қазақстандағы және ДДСҰ стандартына сәйкес тіркелгендігі бағаланды.

Түйін сөздер: МНН, АТХ код, дженерик, тіркеу, стандарттау.

Серикова С.А., Серикбаева Э.Т., Сансызбаева Ж.М., Ахмадьяр Н.С.

АО «Астана Медицинский Университет», г. Астана, Казахстан

СООТВЕТСТВИЕ ЛЕКАРСТВЕННЫХ СРЕДСТВ СТАНДАРТАМ ВОЗ

Аннотация

Оценена регистрация 40 случайно отобранных лекарственных препаратов, представленных в аптечных рекламных буклетах, на соответствие стандартам, действующим в Казахстане и Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ).

Ключевые слова: МНН, код АТХ, дженерик, регистрация, стандартизация.

Serikova S.A., Serikbayeva E.T., Sansyzbayeva Zh.M., Akhmadjar N.S.

“Astana Medical University” NJSC, Astana, Kazakhstan

COMPLIANCE OF MEDICINAL PRODUCTS WITH WHO STANDARDS

Abstract:

The registration status of 40 randomly selected medicinal products advertised in pharmacy brochures was evaluated for compliance with the standards established in Kazakhstan and by the World Health Organization (WHO).

Keywords: INN, ATC code, generic drug, registration, standardization

Kіріспе:

Дүниежүзінде дәрілік заттардың 15 мыңнан астам түрі оригинал және 100 мыңнан астам дженерик болып саналады. Осы дәрілік заттардың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) бекіткен стандартына сәйкес Халықаралық патенттелмеген атауы (МНН) және Анатомо-терапевтикалық-химиялық (АТХ) классификациясы болады. Бұл дәрі-дәрмектерді қауіпсіз тағайындау, фармакологиялық бақылау және мемлекеттік сатып алу кезінде маңызды. Бірақ барлық дәрілік заттар (ДЗ) бұл стандартқа сәйкес келмейді, сол үшін біз кез келген дәріханалардан 40 флаер алып кездейсоқ зерттеу ұйымдастырдық. Жарнама заңына сәйкес бағалау шкаласы арқылы 40 флаерді АТХ код пен МНН тексердік.

Мақсат:

Дәрілік заттардың АТХ және МНН кодын ДДҰ ның ресми сайтында тіркелгенін анықтау.

Материал және талдау тәсілі:

Медициналық талдау барысында дәріханадан халыққа таратылатын жаранамадағы препараттардан, кездейсоқ 40 түрі алынды. Олардың Қазақстандағы және ДДСҰ стандартына сәйкес тіркелгендігі бағаланды. Дәрілік заттардың дәлелді немесе дәлелсіз екенін АТХ код бойынша 7 таңбалы коды болса дәлелді, стандартқа сәйкес, егер код 7-ден аз немесе көп болса ол дәрілік затқа жатпайтынын анықтауға болады. Ол бізге ДЗ пен биологиялық белсенді затты ажыратуымыз үшін және аллергиялық реакциялардың алдын алу үшін қажет.

Нәтиже:

Барлығы 40 дәрілік препараттың ішінде 33-і (яғни 82,5%) ДДСҰ ұсыныстарына сәйкес келеді. Бұл Қазақстан Республикасының дәрілік заттарды таңдау мен тіркеу саясатының халықаралық стандарттарға жақын екенін көрсетеді.

Ал қалған 7 препарат (17,5%) ДДҰ тізіміне сәйкес келмейді. Оның ішінде химиялық және фармакологиялық нақтылауды толық емес, зерттеуді қажет ететіндері: Бронхо-Мунал П, Ренгалин, Полисорб (Коллойдный диоксид кремния), Проспан.

Нақтыланбаған тіркеуде жоқ: Гепамак плюс, Пробиотик GOLD, Нема-plex. ДДҰ тізімінде бұл препараттар болмауы (мысалы, сирек қолданылады немесе жаңа зерттелуде) т.б.

Берілген 40 дәрілік препараттың ішінде 28 препараттың МНН бар - 70%-ын құрайды, 12 препаратта МНН жоқ - 30% құрайды.

Қорытынды: АТХ код және МНН препарат туралы деректердің дұрыстығын тексеруге, оның фармакологиялық тобы мен әсер ету механизмін түсінуге мүмкіндік береді. Дәрілік заттарды дәл тану мен ғылыми негізделген тағайындау үшін маңызды негізгі мәліметтер. Фармакотерапияны дұрыс жүргізу және дәрі-дәрмектерді бағалау кезінде бұл кодтар міндетті түрде көрсетілуі тиіс. МНН және АТХ жүйесін білу дәрілік заттарды стандарттау, қауіпсіз қолдану және халықаралық деңгейде үйлестіру үшін маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Д.А. Харкевич. Фармакология. - Москва, 2017. – 78 б
2. WHO Collaborating Centre for Drug Statistics Methodology. ATC/DDD Index.
https://atcddd.fhi.no/atc_ddd_index
3. NDDA. Дәрілік заттардың мемлекеттік реестрі.
<https://register.ndda.kz/#/reestr>
4. NDDA. Ұлттық дәрілік және медициналық өнімдер агенттігінің ресми сайты.
<https://www.ndda.kz/>.

УДК.615.074:615.322

Э.М. Мухасимов., Г.К. Умарова

Ташкентский фармацевтический институт, г. Ташкент, Узбекистан

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ВИТАМИНА К₁ В НАДЗЕМНОЙ ЧАСТИ ЯКОРЦЕВ СТЕЛЮЩИХСЯ

Аннотация

В данной работе определено содержание витамина К₁ в сырье растения якорцы стелющиеся (Tribulus terrestris L.). Витамин К₁ играет важную роль в процессах свертывания крови и метаболических реакциях организма. Согласно полученным результатам, содержание витамина К₁ в надземной части растения составило в среднем

1,364 мг%. Проведенный статистический анализ показал высокую точность применённого метода. Данное исследование может служить научной основой для разработки лекарственных препаратов на основе растения *Tribulus terrestris*.

Ключевые слова: якорцы стелющиеся, витамина K₁, количественное определение, хроматографическая камера, средняя относительная ошибка.

E.M. Mukhasimov, G.K. Umarova

Tashkent Pharmaceutical Institute, Tashkent, Uzbekistan

DETERMINATION OF VITAMIN K₁ CONTENT IN THE AERIAL PARTS OF TRIBULUS TERRESTRIS

Abstract

This study determined the amount of vitamin K₁ in the raw material of the plant *Tribulus terrestris* L. Vitamin K₁ plays a crucial role in blood coagulation and metabolic processes of the human body. According to the results, the average content of vitamin K₁ in the aerial parts of the plant was found to be 1.364 mg%. Statistical analysis confirmed the high accuracy of the applied method. This research provides a scientific basis for the development of medicinal preparations derived from *Tribulus terrestris*.

Key words: *Tribulus terrestris*, vitamin K₁, quantitative determination, chromatographic chamber, mean relative error.

Е.М.Мұхасимов, Г.Қ. Умарова

Ташкент фармацевтикалық институты, Ташкент, Өзбекстан

ТЕМІРТІКЕН ЖЕР ҮСТІ БӨЛІГІНДЕГІ K₁ ВИТАМИНІНІҢ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Бұл жұмыста жер бауырлаған теміртікен (*Tribulus terrestris* L.) өсімдігінің шикізатында витамин K₁ мөлшері анықталды. Витамин K₁ адамның қан ұю **үдерістерінде** және метаболикалық реакцияларында маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, өсімдіктің жер үсті бөліктеріндегі витамин K₁ мөлшері орташа есеппен 1,364 мг% құрады. Статистикалық талдау қолданылған әдістің жоғары дәлдігін көрсетті. Бұл зерттеу жер бауырлаған теміртікен негізінде дәрілік препараттар жасауда ғылыми негіз бола алады.

Түйін сөздер: жер бауырлаган теміртікен, K1 дәрумені, сандық анықтау, хроматографиялық камера, орташа салыстырмалы қателік.

Определение количества витамина K₁ в продукте проводили хроматографическим методом в соответствии с требованиями статей XI ДФ. Для этого 1 г измельченного сырья помещали в мерную колбу вместимостью 15 мл, приливали 10 мл гексана, оставляли на 3 часа, фильтровали. К остатку прибавляли 5 мл спирта, перемешивали, оставляли на 1 час и фильтровали. Отбирали 2 мл фильтрата и упаривали до объема 1 мл. С помощью капилляра вдоль линии наносили силуфол на линию старта пластинки и высушивали при комнатной температуре. Пластику помещали в хроматографическую камеру, предварительно насыщенную парами бензола. После достижения фронтом финишной линии пластинку вынимали из камеры и высушивали при комнатной температуре. Пятна с R_f 0,95–0,97 соскабливали с пластинки, элюировали 10 мл спирта (4:4:2) и фильтровали. Затем определяли оптическую плотность фильтрата на спектрофотометре при длине волны 366 нм в кювете толщиной 1 см [1, С.54-60].

Количество витамина K₁ в сырье рассчитывали по следующей формуле.

$$X\% = \frac{D * 10 * 100 * 100}{E * 5 * 2(100 - 5)}$$

Математическое описание количественного анализа витамина K₁ в надземной части якорцев стелющихся

№	mg %	$\bar{X}$	S ²	S	ΔX	Δ $\bar{X}$	Σ%	Е%	RSD
1	1,34	1,364	0,00033	0,018	0,05	0,022	3,66	1,6	0,586
2	1,36								
3	1,36								
4	1,37								
5	1,39								

Выводы: 1. Разработан экстракционно-хроматофотометрический метод определения количества витамина K₁ в надземной части якорцев стелющихся; 2. Количество витамина K₁ в растительном сырье составило 1,364 мг%; 3. Средняя относительная ошибка составила Σ=1,6%, а стандартное отклонение ошибки составило RSD=0,586.

Список литературы

1. А.К.Саидвалиев, М.Махмудова, Г.К.Убайдуллаева, А.Шукуров, К.А.Убайдуллаев
Определение витамина К в растительном сырье. // Фармацевтический журнал. –Т.- 2007.-
С.54-60.

УДК 618.15-002-085 : 615.03

Мансурова А.А., Намазбай Б.Т., Орманов Н.Ж.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

БАКТЕРИАЛДЫ ВАГИНОЗДЫҢ АНТИБАКТЕРИАЛДЫ ТЕРАПИЯСЫН ФАРМАКОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Зерттеу бактериялық вагинозды емдеудегі интравагиналды антибактериалды препараттардың тиімділігін және экономикалық орындылығын салыстырмалы талдауға арналған. Нәтижелер көрсеткендей, орнидазол, неомицин, преднизолон және эконазолдан тұратын кешенді препарат (ОНПЭ) клиникалық-зертханалық тиімділігі жоғары, жанама әсерлері төмен және қайталану жиілігі төмен болды. Фармакоэкономикалық талдау ОНПЭ терапиясының төмен шығындылығын және рецидивке байланысты тиімділік коэффициентінің жоғарылығын растады.

Түйін сөздер: бактериялық вагиноз, фармакоэкономикалық талдау, антибактериалды терапия, тиімділік, шығындар

Мансурова А.А., Намазбай Б.Т., Орманов Н.Ж.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент, Казахстан

ФАРМАКОЭКОНОМИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ АНТИБАКТЕРИАЛЬНОЙ ТЕРАПИИ БАКТЕРИАЛЬНОГО ВАГИНОЗА

Аннотация

Исследование посвящено сравнительному анализу эффективности и экономической целесообразности интравагинальных антибактериальных препаратов для лечения бактериального вагиноза. Результаты показали, что комплексный препарат, содержащий орнидазол, неомицин, преднизолон и эконазол (ОНПЭ), продемонстрировал более высокую клинико-лабораторную эффективность, меньшую частоту побочных эффектов и низкую

частоту рецидивов. Фармакоэкономический анализ подтвердил более низкую стоимость терапии ОНПЭ и более высокий коэффициент эффективности в отношении предотвращения рецидивов.

Ключевые слова: бактериальный вагиноз, фармакоэкономический анализ, антибактериальная терапия, эффективность, затраты

Mansurova A.A., Namazbay B.T., Ormanov N.Zh.

JCS «South Kazakhstan medical academy», Shymkent, Kazakhstan

PHARMACOECONOMIC ANALYSIS OF ANTIBACTERIAL THERAPY FOR BACTERIAL VAGINOSIS

Abstract:

The study presents a comparative analysis of the efficacy and economic feasibility of intravaginal antibacterial drugs for the treatment of bacterial vaginosis. The results demonstrated that the complex drug containing ornidazole, neomycin, prednisolone, and econazole (ONPE) had higher clinical and laboratory efficacy, a lower incidence of side effects, and a reduced recurrence rate. The pharmacoeconomic analysis confirmed the lower cost of ONPE therapy and its higher cost-effectiveness ratio in preventing disease recurrence.

Keywords:

bacterial vaginosis, pharmacoeconomic analysis, antibacterial therapy, efficacy, cost

Гинекологиялық инфекциялық-қабыну ауруларының ішінде бактериялық вагиноз (БВ) жиілігі мен клиникалық маңызы бойынша жетекші орындардың бірін алады. Репродуктивті жастағы әйелдер арасында аурудың кең таралуы оның медициналық, әлеуметтік және фармакоэкономикалық өзектілігін арттырады [1,2]. Бактериалды вагиноз репродуктивті функцияның бұзылуына ықпал етеді, атап айтқанда бедеуліктің, өздігінен түсік тастаудың, мерзімінен бұрын босанудың, қағанақ қабының мерзімінен бұрын жыртылуының, ұрықтың антенаталды инфекциясының, босанудан кейінгі эндометрит пен сальпингоофориттің, сондай-ақ жатыр мойнының неоплазиялық үрдістерінің даму қаупін арттырады [3].

(БВ) емдеуге арналған пероралды және интравагиналды антимикробтық препараттардың кең спектрінің болуына қарамастан, бұл инфекцияны толық жою әлі де күрделі мәселе болып отыр. БВ қайталануы емнің толық курсын өткен әйелдердің 50%-дан астамында байқалады [4]. Сонымен қатар, пациенттердің шамамен 10–15%-ында стандартты

емдеу алгоритмі бастапқы кезеңде тиімсіз болып табылады. Метронидазол мен клиндамицинді қолданатын стандартты терапия хаттамаларының бастапқы тиімділігі 10–15%-дан аспайды, ал бір жыл ішінде рецидив жиілігі 69%-ға дейін жетеді [5].

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен емдеу хаттамаларына сәйкес бактериалды вагинозды емдеуде метронидазол, клиндамицин, хлоргексидин, орнидазол, неомицин, преднизолон және эконазол сияқты пероралдық және/немесе интравагиналды антимикробтық препараттар қолданылады. Алайда осы препараттарды қолданудың клинико-зертханалық және фармакоэкономикалық әсерін кешенді түрде сипаттайтын деректер мен жүйелі талдаулар әдебиетте жеткіліксіз түрде ұсынылған.

Зерттеу мақсаты: (БВ) емдеуде қолданылатын интравагиналды бактерияға қарсы препараттарға дәлелді клиникалық және зертханалық мәліметтер негізінде заманауи фармакоэкономикалық сараптама жүргізілді.

Зерттеу әдістері: қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жұмыста келесі әдістер қолданылды: клиникалық, фармакоэкономикалық және статистикалық. Фармакоэкономикалық зерттеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 27.05.2002 ж. №163 бұйрығымен бекітілген «Клиникалық-экономикалық зерттеулер. Жалпы ережелер» (91500.14.0001-2002) салалық стандартына сәйкес жүргізілді [9]. Бактериалды вагинозды антибактериалды препараттармен монотерапия түрінде және олардың поливалентті бактериофагпен комбинациясындағы емнің тиімділігін бағалау бойынша проспективті зерттеу Шымкент қаласындағы «№2 Қалалық клиникалық аурухананың» гинекология бөлімшесінде, әйелдер консультациясы мен «Гирудомед» медицина орталығының базаларында жүргізілді. Зерттеуге қатысқан барлық әйелдер ақпараттандырылған ерікті келісімге қол қойды. Этикалық қағидалар мен нұсқаулар толық сақталды.

Зерттеу топтарына енгізу критерийлері: зерттеуге 18–45 жас аралығындағы, жыныс жолдарынан патологиялық бөліністерге шағымданған және бастапқы қабылдау кезінде Амсель критерийлері негізінде бактериалды вагиноз диагнозы қойылған әйелдер енгізілді. Барлық пациенттерге клиникалық, зертханалық және аспаптық тексерулер Қазақстан Республикасының клиникалық хаттамалары мен қолданыстағы стандарттарына сәйкес жүргізілді. Антибактериалды терапияның тиімділігін бағалау үшін негізгі параметрлер ретінде: 1) БВ-ның клиникалық және микробиологиялық белгілерінің жойылуы (қынап бөлінісінің сипатының қалыпқа келуі, $pH < 4,5$, амин сынағының теріс болуы, «кілтті»

жасушалардың болмауы); 2) Жағымсыз дәрілік реакциялар мен асқынулардың тіркелуі алынды. Бағалау барысында суррогаттық көрсеткіштер (тікелей және жанама әсерлер) және соңғы нәтижелік көрсеткіштер (final endpoints) пайдаланылды.

Алынған нәтижелер Microsoft Office Excel 2007 бағдарламасында сипаттамалық статистика әдістерін және IBM SPSS Statistics 19 бағдарламасында көпфакторлы талдауды қолдану арқылы өңделді. Бактериялық вагинозды емдеудің экономикалық тиімділігін айқындау мақсатында Cost of Illness (COI) әдісі пайдаланылды, ол тікелей медициналық шығындардың қосындысына негізделді. Медициналық қызметтердің бағасы FOMS тарифтері бойынша есептелді, ал дәрілік препараттардың сатып алу бағалары "apteka.ru" порталының деректерінен алынды. Жанама шығындар (уақытша еңбекке жарамсыздық парағы, еңбек өнімділігінің төмендеуі және т.б.) зерттеу шеңберінде есепке алынған жоқ. Әрбір салыстырмалы топта емдеу тиімділігі мен шығындар арақатынасы талданды. Нәтижелерді бағалау үшін Cost-Minimization (CMA), Cost-Effectiveness (CEA) және Cost-Utility (CUA) әдістері қолданылып, фармакоэкономикалық көрсеткіштер ресми ұсынылған әдістемелерге сәйкес есептелді [18].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу құрамына бактериялық вагиноз диагнозы қойылған 120 әйел енгізілді. Пациенттер жас ерекшеліктері мен клиникалық көріністерінің ұқсастығына қарай 4 топқа бөлінді (әр топта 30 адам). Барлық науқастарға бактерияға қарсы интравагиналды терапия және одан кейінгі лактобактериялық ремедиация жүргізілді.

1-топ (Метронидазол): 0,75% метронидазол гелі қынапішілік түрде 5 мл дозада тәулігіне 1 рет 5 күн бойы енгізілді. Емнің екінші кезеңінде — «Лактожиналь» препараты 7 күн бойы күніне 2 рет 1 капсуладан қолданылды. 2-топ (Клиндамицин): интравагиналды түрде 2% клиндамицин кремі (5,0 г) тәулігіне 1 рет 7 күн бойы енгізілді. Одан кейін «Лактожиналь» капсулалары 7 күн бойы күніне 2 рет енгізілді. 3-топ (Хлоргексидин): 16 мг хлоргексидин биглюконаты бар вагиналды таблеткалар 10 күн бойы тәулігіне 2 рет қолданылды. Содан соң 7 күн бойы «Лактожиналь» капсулалары тағайындалды. 4-топ (ОНПЭ): құрамында орнидазол (500 мг), неомицин (65 000 ЕД), преднизолон (3 мг) және эконазол (100 мг) бар қынаптық таблетка тәулігіне 1 рет, 9 күн бойы енгізілді. Кейін 7 күн ішінде «Лактожиналь» капсулалары күніне 2 рет 1 капсуладан қолданылды. Емдеу курстарының құрылымы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің клиникалық хаттамалары мен дәлелді медицина принциптеріне сәйкес таңдалды.

Зерттеу жүргізу барысында біріктірілген фармакотерапия нәтижесінде пациенттердің барлығында клиникалық және зертханалық көрсеткіштердің оң динамикасы тіркелді. 15-ші күнге қарай наукастардың жалпы жағдайының жақсаруы байқалды (кесте 1). Клинико-зертханалық тиімділік көрсеткіштері бойынша ең жоғары нәтижелер ОНПЭ препаратымен емделген топта анықталды. Қынаптан бөлінетін көпіршікті экссудаттың азаюы метронидазол және клиндамицин топтарымен салыстырғанда тиісінше 4,9% және 10,1%-ға төмен болды. Қынаптық рН деңгейі >4,5 мәндерінің төмендеуі 43,7% және 47,1%-ға жетті. Оң аминдік сынама жиілігі 18,2% және 10,0%-ға азайды. «Кілтті жасушалардың» анықталу жиілігі 40,0%, 14,3% және 33,7%-ға төмендеді. Жалпы клинико-зертханалық көрсеткіштердің белсенділігі орташа есеппен 26,7%, 29,5% және 6,8% аралығында оң серпіліс көрсетті (кесте 1).

Кесте 1 – Бактериалды вагиноздың антибактериалды емі нәтижесінде клинико-зертханалық көрсеткіштердің өзгеруі

Көрсеткіштер/Топтар		М	КЛ	ХГ	О+Н+П+Э
Көпіршікті бөлінді, %	ЕД	100	100	100	100
	ЕК	30*	33,33*	33,33*	26,6
	АК	70	66,66	66,66	73,4
рН >4,5, %	ЕД	100	100	100	100
	ЕК	53,33* *	53,33**	56,67*	30*
	АК	46,66	46,66	43,33	70
Оң аминдік сынама, %	ЕД	93,33	100	63,33	93,33
	ЕК	36,67*	33,33*	30*	30*
	АК			33,33	63,33
Кілтті жасушалардың анықталуы, %	ЕД	90,0	93,33	93,3	100,0
	ЕК	33,33*	23,33*	30,0	20,0
	АК	70,0	70,0	63,3	80
КЗ көрсеткіштік бөлігі	ЕД	95,8	98,7	89,15	98,33
	ЕК	61,67	64,17	62,33	73,33
	АК	34,1	34,5	26,82	25,0

Ескерту: М-метронидазол, КЛ-клиндамицин, ХГ-хлоргексидин, О+Н+П+Э-орнидазол, неомицин, преднизолон, эконазол

БВ-дың фармакотерапиялық тиімділігін нақты бағалау үшін қолданылған кешендердің емдеу барысындағы антибактериалды терапияның жанама әсерлерін салыстырмалы түрде талдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

"ОНПЭ" кешенін қолдану кезінде вульвовагиналды кандидоз тіркелмеді, ал метронидазол, клиндамицин және хлоргексидин топтарында оның жиілігі тиісінше 23,3%, 13,3% және 16,7% құрады. Вагиниттің даму жиілігі метронидазол, клиндамицин және хлоргексидин топтарымен салыстырғанда сәйкесінше бір есеге (100,3%) және екі есеге (200,3%) төмен болды. Күйдіру симптомы шамамен екі жарым есеге (249,3%) және 99,4%-ға төмен байқалды. Сонымен қатар, қынаптан сукротәрізді (қан аралас) бөлінділердің пайда болуы тек хлоргексидин тобында (3,33%) тіркелді (Кесте 2).

Кесте 2. Бактериалды вагинозды емдеуде қолданылған антибактериалды препараттардың жанама әсерлерінің жиілігі мен құрылымының салыстырмалы сипаттамасы.

Топтар/көрсеткіштер О+Н+П+Э	М	КЛ	ХГ	О+Н+П+Э
Вульвовагиналды кандидоз, %	23,33	13,33	16,67	0
Вагинит, %	6,67	10	10	3,33
Күйдіру, %	23,33	13,33	16,67	6,67
Қынаптан сукротүсті бөлінді, %	0	0	3,33	3,33

Ескерту: М-метронидазол, КЛ-клиндамицин, ХГ-хлоргексидин, О+Н+П+Э-орнидазол, неомицин, преднизолон, эконазол

Интегралды фармакотерапиялық тиімділікті нақты анықтау үшін пациенттердің бір жылдық бақылау мерзіміндегі бактериалды вагиноздың қайталану көрсеткіштері талданды. Талдау нәтижелері 3-кестеде ұсынылған.

«ОНПЭ» кешенін қолдану клиникалық-зертханалық тиімділіктің айтарлықтай жоғарылауымен сипатталды: метронидазол, клиндамицин және хлоргексидин топтарымен салыстырғанда бұл көрсеткіш тиісінше 18,9%, 14,3% және 17,3%-ға артты. Сонымен қатар, бір жыл ішінде аурудың қайталанбауы «ОНПЭ» тобында 62,5%, 30,0% және 52,9%-ға жиірек

байқалды. Осыған байланысты тиімділіктің интегралды көрсеткіші де 39,1, 22,3 және 34,2 бірлікке жоғары деңгейде тіркелді (Кесте 3).

Кесте 3. Бактериалды вагинозды емдеуде қолданылған фармакотерапиялық кешендердің интегралды тиімділігінің салыстырмалы сипаттамасы

	М	КЛ	ХГ	О+Н+П+ Э
Клиникалық- зертханалық тиімділік көрсеткіші	61,67	64,17	62,5	73,33
Бір жыл ішінде қайталанбаған науқастардың %	53,33	66,67	56,67	86,67
Тиімділіктің интегралды көрсеткіші	57,5	65,42	59,6	80

Ескерту: М-метронидазол, КЛ-клиндамицин, ХГ-хлоргексидин, О+Н+П+Э-орнидазол, неомицин, преднизолон, эконазол

Бактериалды вагинозды метронидазолмен емдеудің тікелей шығындары 5864,4 теңгені құрады. Ал клиндамицин, хлоргексидин және «ОНПЭ» топтарында бұл көрсеткіш сәйкесінше 76,6%-ға, 45,6%-ға және 42,8%-ға жоғары болды. Метронидазол тобының толық емдік курсының орташа құны 13 683,84 теңгені құрады, ал клиндамицин, хлоргексидин және «ОНПЭ» топтарында ол тиісінше 23,8%, 19,6% және 18,3%-ға қымбат болды.

Фармакоэкономикалық талдау нәтижесі бойынша ДЖӘ реттеуші фармакоэкономикалық тиімділік коэффициенті (ФКК) метронидазол тобы үшін 2268,9 теңгені құрады. Клиндамицин, хлоргексидин және «ОНПЭ» топтарында бұл көрсеткіш сәйкесінше 21,9%, 8,6% және 10,4%-ға төмен болған.

Рецидивті ФКК көрсеткіші метронидазол тобы үшін 7728,6 теңге деңгейінде анықталып, клиндамицин, хлоргексидин және «ОНПЭ» топтарында тиісінше 29,8%, 8,9% және 91,28%-ға төмен нәтижелер тіркелді.

Жүргізілген фармакоэкономикалық талдау нәтижесінде бактериалды вагинозды метронидазолмен емдеу құны 23 680,32 теңгені құрады. Клиндамицин тобы бойынша шығындар осы мәннен 93,4%-ға жоғары екендігі анықталды. Ал хлоргексидин және «ОНПЭ»

топтарында керісінше, жалпы емдік шығын сәйкесінше 2,7%-ға және 27,9%-ға азайды (Кесте 4).

Кесте 4. 01.09.2025 ж. жағдай бойынша бактериалды вагинозды антибактериалды емдеу бағаларының (теңге) салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіште р	М	КЛ	ХГ	О+Н+П+ Э
ТШ (теңге)	5866,4	10357,85	8544,0	8378,4
% бойынша	100	176,6	145,6	142,8
ЕмБ(теңге)	13683,84	18177,24	16363,44	16197,7
% бойынша	100	123,8	119,6	118,3
ДЖӘ реттеуші ФКҚ(теңге)	2267,9	1770,4	2073,3	235,9
% бойынша	100,0	78,1	91,4	10,4
Рецидивті ФКҚ (теңге)	7728,6	5426,5	7070,9	635,3
% бойынша	100,0	70,2	91,1	8,22
Емдік кешеннің құны(теңге)	23680,32	25370,9	23047,6	17075,0
% бойынша	100,0	193,4	97,3	72,1

Ескерту: ТШ-тікелей шығын, ЕмБ-емдік бағамы, ДЖӘ-дәрілердің жанама әсерлері, ФКҚ- фармакотерапиялық кешеннің құны (бағасы)

Зерттеу нәтижелері бойынша, бактериалды вагинозды метронидозолмен емдеу кезінде фармакоэкономикалық тиімділіктің шартты бірлік құны (ШБҚ) 411,8 теңгені құрады. Клиндамицинді, хлоргексидинді және «ОНПЭ» топтарында бұл көрсеткіш сәйкесінше 5,8%, 27,95% және 48,02%-ға төмендегені анықталды. Метронидозолды кешенмен салыстырғанда «шығын минимизациясы» клиндамицинді топта 1690,58 теңгеге жоғары, ал хлоргексидинді және «ОНПЭ» топтарында тиісінше 632,72 және 6605,32 теңгеге төмендеді. «Салыстырмалы шығын-белсенділік» клиндамицинді, хлоргексидинді және «ОНПЭ» топтарында 343,5 теңге, 301,2 теңге және 249,25 теңге шамасында тіркелді. Сонымен қатар, «құн-белсенділік» көрсеткіштері сәйкесінше 70,5 теңге, 41,96 теңге және 33,32 теңгені құрады (Кесте 5).

Кесте 5. Бактериалды вагиноздың антибактериалды емінің фармакоэкономикалық көрсеткіштерінің салыстырмалы (теңге) мәндері (01.09.2025 ж.)

Көрсеткіштер	М	КЛ	ХГ	О+Н+П+Э
--------------	---	----	----	---------

ЕКБ(теңге)	23680,32	25370,9	23047,6	17075,0
% бойынша	100,0	107,1	97,3	72,1
ШМБ сараптамасы CMA = (DC1 + IC1) - (DC2 + IC2)	0	+1690,58	-632,72	-6605,32
ФТБ (ТИК)	57,5	65,42	59,6	80,0
ШБК CEA = (DC+IC) / Ef «шығын-белсенділік»	411,8	387,84	396,72	213,42
% бойынша	100,0	94,2	72,05	51,8
СШБК-«салыстырмалы шығын-белсенділік» CER = ((DC1 + IC1) – (DC2 + IC2)) / (Ef1 – Ef2)	0	343,5	301,2	249,25
ҚБК CUA = ((DC1 + IC1) – (DC2 + IC2)) / (Uf1 – Uf2) «Құн-белсенділік»	0	70,05	41,96	33,32

Ескерту: ЕКБ-Емдік кешеннің бағасы, тікелей шығын, ШМБ-шығын минимизациясы бағасы, ФТБ-фармакотерапиялық белсенділік, ШБК-шығын белсенділік көрсеткіші, СШБК-салыстырмалы шығын белсенділік көрсеткіші, ҚБК-«Құн-белсенділік» көрсеткіші (бағасы)

Зерттеу барысында біріктірілген фармакотерапия нәтижесінде пациенттерде барлық нысаналы көрсеткіштер бойынша 15 күн ішінде жағдайдың айтарлықтай жақсаруы байқалды (кесте 3). Барлық көрсеткіштерді салыстырмалы талдау нәтижесінде ең жоғары клиникалық тиімділік «ОНПЭ» препаратымен біріктірілген ем қабылдаған пациенттер тобында анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Адамян Л.В., Кузьмин В.Н., Арслanian К.Н. и др. Особенности применения антибактериальных препаратов в акушерской практике. Проблема антибиотикорезистентности // Лечащий врач. – 2015. – №11. – С.51-54. [Adamyan L.V., Kuz'min V.N., Arslanian K.N. i dr. Osobennosti primeneniya antibakterial'nyh preparatov v akusherskoj praktike. Problema antibiotikorezistentnosti //Lechashchij vrach. – 2015. – N11. – P. 51-54. (in Russian)]

2. Анкирская А.С. Бактериальный вагиноз // Акушерство и гинекология. – 2005. – № 3. – С. 10-13. [Ankirskaya A.S. Bakterial'nyj vaginoz // Akusherstvo i ginekologiya. – 2005. – № 3. – P. 10-13. (in Russian)]
3. Дикке Г.Б. Бактериальный вагиноз: новые аспекты этиопатогенеза и выбора терапевтических стратегий // РМЖ. Мать и дитя. – 2019. – №4 – С. 307-313. [Dikke G.B. Bakterial'nyj vaginoz: novye aspekty etiopatogeneza i vybora terapevticheskikh strategij // RMZH. Mat' i ditya. – 2019. – N4 – P. 307-313. (in Russian)]
4. Muzny C.A., Kardas P.A Narrative Review of Current Challenges in the Diagnosis and Management of Bacterial Vaginosis // Sexually Transmitted Diseases. – 2020. – V.47, N.7. – P. 441-446. 24. Tacconelli E. Antimicrobial use: risk driver of multidrug resistant microorganisms in healthcare settings // Current Opinion in Infectious Diseases. – 2009. – V.22., N.4. – P. 352-358.
5. Тихомиров А.Л., Сарсания С.И. Комплаентность при терапии влагалищных дисбиозов // Медицинский совет. – 2019. – №12. – С. 146-152. [Tihomirov A.L., Sarsaniya S. I. Komplaentnost' pri terapii vlagalishchnyh disbiozov // Medicinskij sovet. – 2019. – N12. – P. 146-152. (in Russian)]
